

«№7 жалпы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директоры М. М. Мирабаева




«№7 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 2021-2022 оқу жылына арналған
іс-шаралар жоспары.

№	Атқарылатын жұмыстар.	мерзімі	Өтілу барысы	жауапты
1	2009 жылғы 4 желтоқсанда №214 «Тұрмыстық зорлық зомбылық профилактикасы туралы» ҚР заңы бойынша түсінік жұмыстарын жүргізу.	I тоқсан	Кездесулер	ДТЖО
2	Зорлық-зомбылық алдын алу бойынша жұмыстарын жүргізу.	Үнемі	Жиналыс, тәрбие сағаттары	ДТЖО, сынып жетекшілер
3	Балаларға зорлық-зомбылық пен катігездік қараудың катері бар жайсыз, киын жағдайда өмір сүретін отбасыларды профилактикалық бақылауға алу, зорлық-зомбылық пен катігездік қараудан зардап шеккен балаларға уақытында көмек көрсетуді ұйымдастыру және олармен профилактикалық жұмыстарды күшейту.	Уақытында	Отбасыларды анықтау профилактикалық жұмыс	ДТЖО, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, сынып жетекшілер
4	Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтарға жол бермеу бойынша алдын алу іс-шараларын өткізу.	Токсанда I рет	Рейдтік жұмыс	ДТЖО, мектеп инспекторы, ата-аналар комитеті, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, сынып жетекшілер
5	«Адам қалпында қалыңыз», «Жазасыз тәрбие», «Балаларды қатыгездіктен еркін», «Бала қатыгездігіне жол ЖОҚ деп айтамыз!» атты тақырыптарында зорлық және зомбылық проблемалары бойынша іс-шаралар ұйымдастыру.	Токсанда I рет	Дөңгелек үстелдер, тәрбие сағаттары, кездесулер	ДТЖО, ата-аналар комитеті, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, сынып жетекшілер
6	«Зорлық зомбылықсыз отбасы» тақырыбындағы ата-аналар қоғамына арналған семинар-тренингтер ұйымдастыру	Мамыр	Семинар-тренинг	Мектеп психологы, сынып жетекшілер
7	Ішкі істер органдардың қызметкерлері мен бірлесіп Жастар ұйымын және ата-аналар қоғамына тарту арқылы кең ауқымды «Зорлық зомбылықсыз отбасы», «Кешкі қаладағы балалар», «Жасөспірім», «Көше» атты рейдтік іс-шараларды ұйымдастыруды жалғастыру.	Токсанда I рет	Рейдтік іс-шаралар	ДТЖО, мектеп инспекторы, ата-аналар комитеті, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, сынып жетекшілер
8	Денсаулық сақтау саласының қызметкерлері мен «Бізге қызық» тақырыбында жыныстық даму қауіпсіздігі туралы кездесулер ұйымдастыру.	Токсанда I рет	Кездесулер ұйымдастыру	Мектеп мед бикелері, сынып жетекшілерлер
9	Қолайлы отбасылық қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында Үкіметтік емес ұйымдармен жұмысты күшейту.	Уақытында	Іс-шара ұйымдастыру	ДТЖО, мектеп инспекторы, ата-аналар комитеті, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, сынып жетекшілер

Дайындаған:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

 Е. Абубакиров

«№7 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жалпы ата-аналар арасында өткізілген жиналыстың

Хаттамасы

Абай ауылы

19.09.2021 ж

Қатысқандар: Мектеп директоры З. Мырзабекова
Мектеп инспекторлары Б. Құрманқұлов, Э.Есенқұлова
Ата-аналар комитетінің төрағасы Ж. Абдраимов
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А. Майлыбаева
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ж. Утепов, Г. Бекбаева
Мектеп психологы Ш. Қалтаева
Әлеуметтік педогог Г.Қалмұратова
9-11 сныбының оқушылар, ата-аналар
Сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. Бала еңбегін қанаудың және зорлық зомбылықтың алдын алу.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу.
3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші болып мектеп директоры Мырзабекова Забираш апай сөзге шығып аудандық білім бөлімінің хатымен таныстырып, тапсырмасы бойынша бала құқығын қорғау және зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында, кәмелетке толмағандардың еңбек етуіне тыйым салынатындығын, мал шаруашылығы, егін шаруашылығымен айналысу уақытында және жалпы еңбек ету барысында, өмір және техника қауіпсіздігін, жол ережелерін, адам өміріне қауіп төндіретін заттарды пайдалану уақытында қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттілігі туралы ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, соңғы уақытта мектеп оқушыларының дүкендерде темекі және спирттік бұйымдар сатып тұрғандығы жиі анықталуда осыған байланысты ата-аналаға оқушыларды сауда орталықтарына жұмыс істетпеуге және жұмыс істеуге тыйым салынғаны туралы айтты.


Екінші мәселе бойынша мектеп инспекторы Б. Құрманқұлов құқық бұзушылықтың алдын алу барысы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарына тоқтала өтіп, оқушылардың түгі 22⁰⁰-ден кейін ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз үй ауласынан тыс жерлерге шығуға, түгі сағат 22⁰⁰-ден кейін кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта еңбек етуіне тойханаларға, кафе барларға, ата-анасының жұмсауымен түнгі уақытта дүкендерге баруға қатаң тыйым салынатыны туралы ата-аналарға түсіндірді және ескертті.

Әр түрлі мәселелер бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Утепов Жәнібек сөзге шығып ата-аналарға оқушылардың топтасып табиғат аясына демалысқа шығуына, өзен көлдерге, каналдарға шомылуға және Түркістан, Шардара қалаларына саяхатқа шығуына қатаң түрде тыйым салынатынын ескертті. Сонымен біргелікте 25-мамыр оқушылардың көлік жалдап серуенге шығуына қатаң тыйым салынғанын айтты. Көлік жалдау үшін ақшаны ата-аналардан алатыны белгілі, сол себепті балаларыңызға көлік жалдауға ақша бермеулеріңізді сұранамыз деп айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Бала еңбегін қанауға байланысты жұмыстар жандандырылсын.
2. Түнгі уақытта оқушыларға беймезгіл жүруге тыйым салынсын.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



З. Мырзабекова
Ү. Абдуллаева.